

**Қарасай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 25 тамыздағы "Қарасай ауданының Жандосов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 8–682 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Алматы облысы Қарасай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 14 қыркүйектегі № 9-1419 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 8-тармағына және "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Қарасай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарасай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 25 тамыздағы "Қарасай ауданының Жандосов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылдың 25 қыркүйекте № 3446 болып тіркелген, "Заман жаршысы" газетінде 2015 жылдың 9 қазанда № 42 жарияланған) № 8 – 682 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Мадияр Орынтайұлы Әмірғалиевке жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*М. Бигелдиев*